

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің дене шынықтыру және спорт саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 ақпандағы N 92 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2007 жылғы 25 мамырда Ялта қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің дене шынықтыру және спорт саласындағы ынтымақтастығы туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің дене шынықтыру және спорт саласындағы ынтымақтастығы туралы**

**КЕЛІСІМ**

**(Өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.12.25 N 1677 Қаулысымен)**

Ресми расталған мәтін

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер Үкіметтер атынан,  
б ұ д а н                      ә р і                      -                      Т а р а п т а р ,

әр адамның дене шынықтыру және спортпен айналысуға құқығынан және осы құқықты жүзеге асыруға мемлекеттің жауапкершілігінен шыға отырып,

Достастық елдері халықтарының арасында дәстүрлі қалыптасқан байланыстарды, олардың сақталуына деген өзара мүдделікті назарға ала отырып,

Тараптардың халықаралық спорттық байланыстарды кеңейтуге және нығайтуға ұ м т ы л ы с ы н                      б і л д і р е                      о т ы р ы п ,

Тараптардың теңдік және өзара құрмет принциптеріне негізделген дене шынықтыру және спорт саласындағы қарым-қатынастарды кеңейту және жетілдіру тілегін растай о т ы р ы п ,

осы қатынастарды Тараптардың дене шынықтыру және спорт жөніндегі мемлекеттік органдары, ұлттық олимпиадалық комитеттері, халықаралық, өңірлік және басқа да дене шынықтыру-спорттық ұйымдары арасында кең ынтымақтастық арқылы д а м ы т у д ы                      қ а л а й                      о т ы р ы п ,

дене шынықтыру және спорт саласындағы бірлескен бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыруда Тараптар ынтымақтастығының тетігін құру қажеттігін сезіне отырып, төмендегілер туралы келісті:

## **1-бап**

Тараптар дене шынықтыру және спорт саласындағы ынтымақтастықты дамытуға Тараптардың мемлекеттік органдары, ұлттық олимпиадалық комитеттері, ұлттық спорт федерациялары (одақтар, қауымдастықтар), халықаралық, өңірлік және басқа да дене шынықтыру-спорттық ұйымдары мен бірлестіктері бағыты бойынша жәрдемдеседі, олардың дене шынықтыруды, спортты және олимпиадалық қозғалысты тиімді дамытуға бағытталған бастамаларын қолдайды.

## **2-бап**

Тараптар осы Келісімді іске асыру мақсатында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Дене шынықтыру және спорт саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімге қатысушылардың Дене шынықтыру және спорт жөніндегі кеңесін (бұдан әрі - Кеңес) құрады. Кеңес осы Келісімнің ажырамайтын бөлігі болып табылатын Ережеге сәйкес әрекет жасайды.

## **3-бап**

Тараптар ұлттық олимпиадалық комитеттерге қолдау көрсете отырып, олимпиадалық қозғалысты дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

## **4-бап**

Тараптар салауатты өмір салтын және спорттағы жетістіктерді насихаттайтын ақпараттармен алмасуға және өз аумақтарында таратуға жәрдемдеседі.

## **5-бап**

Тараптар халықтың әр түрлі жіктері ортасында дене шынықтыру және спорт құралдары арқылы бұқаралық-сауықтыру және спорттық іс-шараларды өткізу мен дамыту үшін келісілген шаралар қабылдайды.

## **6-бап**

Тараптар өзаралық негізінде халықты дене шынықтыру және спорт құралдарымен сауықтыру жөніндегі ұлттық бағдарламаларды әзірлеуге және жүзеге асыруға жәрдем көрсетеді.

## **7-бап**

Тараптар өзаралық негізінде дене шынықтыру және спорт саласындағы қызметтің ғылыми-зерттеу базасын құруға және ғылыми-әдістемелік және медициналық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіруге жәрдемдеседі.

## **8-бап**

Тараптар өзаралық негізінде бұқаралық дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын өткізу, Олимпиадалық ойындарға, әлем чемпионаттарына, басқа да ірі спорттық жарыстарға дайындалу материалдық-спорттық базаны бірлесе пайдалану мақсатында, оны дамытуға және нығайтуға қатысады.

## **9-бап**

Тараптар дене шынықтыру және спорт саласындағы әріптестік байланыстарды қолдауға және дамытуға, олардың ғылыми және медициналық қамтамасыз етілуіне, шарт негізінде мамандарды даярлауға, оқушылар, студенттер, аспиранттар және тағылымдамадан өтушілермен алмасуға жәрдемдеседі.

## **10-бап**

Тараптар дене шынықтыру және спорт саласында бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізеді, ақпаратпен және құжаттамамен алмасуды жүзеге асырады.

## **11-бап**

Тараптар бұқаралық дене шынықтыру, жоғары жетістіктер спорты, олимпиадалық қозғалыс, балалар мен жасөспірімдер спорты, мүгедектер спорты, ғылыми, медициналық, ақпараттық қамтамасыз ету, мамандар даярлауды дамыту мәселелері бойынша жүйелі консультацияларды жүзеге асырады, біріккен ғылыми-практикалық конференциялар мен көрмелер, семинарлар мен симпозиумдар өткізеді, тәжірибе алмасудың басқа да нысандарын пайдаланады.

## **12-бап**

Тараптар осы Келісімнің іске асырылуы туралы ақпаратпен тұрақты алмасып тұрады.

## **13-бап**

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде туындаған даулар Тараптар арасындағы консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

#### **14-бап**

Осы Келісімнің ережелері Тараптар мемлекеттері қатысушы болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

#### **15-бап**

Осы Келісім оған қол қойған Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажет мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы үшінші хабарламаны депозитарийге тапсырған күнінен бастап күшіне енеді.

Мемлекетішілік рәсімдерді кеш орындаған Тараптар үшін, Келісім тиісті хабарламаны депозитарийге тапсырған күнінен бастап күшіне енеді.

#### **16-бап**

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

**Ескерту. 16-бап жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.06.28 № 691 Қаулысымен.**

#### **17-бап**

Осы Келісім депозитарийге қосылу туралы құжаттарды тапсыру арқылы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің кез келгенінің қосылуы үшін ашық.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына кірмейтін, осы Келісімнің ережелеріне ортақтасатын мемлекеттер үшін, егер де депозитарийге тиісті хабарламаны жібергеннен кейін Тараптардың ешқайсысы үш ай ішінде қарсылығын білдірмесе қосылу күшіне енді деп саналады.

#### **18-бап**

Осы Келісім күшіне енген күнінен бастап 5 жыл ішінде қолданылады. Осы мерзім аяқталғаннан кейін Келісімнің күші автоматты түрде әр кез, егер Тараптар өзге шешім қабылдаса бес жылдық кезеңге ұзартылады.

#### **19-бап**

Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнен депозитарийге шығуға дейін алты айдан кешіктірмей жазбаша хабарлама жолдап, шыға алады.

Ялта қаласында 2007 жылғы 25 мамырда бір түпнұсқа данада орыс тілінде жасалды. Түпнұсқа данасы осы Келісімге қол қойған әр мемлекетке, оның куәландырылған көшірмесін жолдайтын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады.

Әзірбайжан Республикасының Үкіметі үшін	Үкіметі үшін	Молдова Республикасының
Армения Республикасының Үкіметі үшін	Үкіметі үшін	Ресей Федерациясының
Беларусь Республикасының Үкіметі үшін	Үкіметі үшін	Тәжікстан Республикасының
Грузияның Үкіметі үшін	Үшін	Түркіменстанның Үкіметі
Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін	Үкіметі үшін	Өзбекстан Республикасының
Қырғыз Республикасының Үкіметі үшін		Украинаның Үкіметі үшін

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына  
қатысушы мемлекеттердің дене шынықтыру  
және спорт саласындағы ынтымақтастығы  
туралы 2007 жылғы 25 мамырдағы  
Келісімге қосымша

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің  
дене шынықтыру және спорт саласындағы ынтымақтастығы  
туралы Келісімге қатысушылардың Дене шынықтыру және  
спорт жөніндегі кеңесі туралы  
ЕРЕЖЕ**

## **I. Жалпы ережелер**

**Ескерту. I-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.06.28 № 691 Қаулысымен.**

1.1. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің дене шынықтыру және спорт саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімге қатысушылардың Дене шынықтыру және спорт жөніндегі кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің дене шынықтыру және спорт саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) іске асыру,

Келісімге қатысушылардың халықаралық байланыстарын кеңейту және нығайту  
мақсатында кұрылады.

Кеңес Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы салалық ынтымақтастығының органы болып табылады және өз құзыреті шегінде Мемлекет басшыларының кеңесі, Үкімет басшыларының кеңесі, Сыртқы істер министрлерінің кеңесімен, ТМД экономикалық кеңесі қабылдаған шешімдердің орындалуын ұйымдастыруға және үйлестіруге бағытталған.

1.2. Кеңес өз қызметінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының жарғысын, достастық шеңберінде қабылданған шарттар мен шешімдерді, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы салалық ынтымақтастығының органдары туралы жалпы ережені және осы Ережені басшылыққа алады.

1.3. Кеңес өзінің қызметін ТМД Атқарушы комитетімен, Достастықтың басқа органдарымен, қажет болған жағдайда басқа халықаралық ұйымдардың хатшылықтарымен, сондай-ақ ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырады.

1.4. Кеңес құрамына Келісімге қатысушы мемлекеттердің дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік билік органдарының басшылары кіреді.

Кеңес отырысына Кеңес мүшелерін алмастыратын адамдар жіберілген кезде, олардың өкілеттіктері расталуы тиіс.

Кеңестің құрамына кеңесуші дауыс құқығымен Кеңес хатшылығының басшысы, сондай-ақ ТМД Атқарушы комитетінің өкілі кіреді.

Келісімнің әрбір қатысушысы Кеңесте бір дауысқа ие.

1.5. Кеңес өз қызметінде ТМД үкіметтері басшыларының кеңесіне есеп береді.

1.6. Кеңес өз жұмысын өзі әзірлеген және бекіткен жоспарлар негізінде ұйымдастырады.

1.7. Кеңес ТМД Атқарушы комитетіне өз қызметі туралы жыл сайын ақпарат береді.

## **II. Кеңестің функциялары**

2. Кеңес өз құзыреті шеңберінде мынадай функцияларды орындайды:

2.1. Дене шынықтыру және спорт саласындағы ынтымақтастықтың мемлекеттік басқару органдары, Ұлттық олимпиада комитеттері, спорт федерациялары мен қоғамдары бағыты бойынша үрдістері мен перспективаларын зерттеу.

2.2. Келісімнің, дене шынықтыру және спорт саласындағы ынтымақтастық туралы басқа да көп жақты шарттардың іске асырылу барысын талдау, дене шынықтыру және спортты дамытудың бірлескен бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру.

2.3. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде дене шынықтыру және спорт арқылы халықты сауықтыруға, спорт резервін және жоғары дәрежедегі спортшыларды даярлауға, олимпиадалық қозғалысты дамытуға, спортты әлеуметтік жағымсыз

құбылыстармен күресудегі тиімді құрал ретінде насихаттауға бағытталған іс-шаралар өткізу, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің халықаралық ұйымдардағы мүдделерін жылжыту.

2.4. Дене шынықтыру және спорт жөніндегі ұлттық бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруға жәрдем жасау.

2.5. Дене шынықтыру мен спортты ғылыми және медициналық қамсыздандыру жөніндегі тәжірибелерді зерттеу және жинақтау.

2.6. Ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау және мамандармен алмасу мен олардың біліктілігін арттыру саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастыққа жәрдемдесу.

### **III. Кеңестің құқықтары**

3. Кеңес өз қызметін жүзеге асыру үшін:

3.1. Келісімге қатысушылардың тиісті органдарынан өзінің міндеттерін орындау үшін қажет ақпаратты, сондай-ақ Кеңес шешімдерінің орындалуы туралы ақпаратты сұратуға;

3.2. Кеңес мүшелерінің есебінен және Кеңес қызметі мен Келісімді іске асыру мәселелерін шешу үшін тартылған мамандардан комиссия және жұмыс топтарын құруға;

3.3. Келісімге қатысушылардың мемлекеттік органдарына және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының жарғылық органдарына Кеңес дайындаған құжаттардың жобасын белгіленген тәртіппен енгізуге құқылы.

### **IV. Кеңес жұмысын ұйымдастыру және оның тәртібі**

4.1. Кеңес отырысы қажетіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет өткізіледі және оған Кеңес мүшелерінің кем дегенде жартысы қатысқанда құқыққа сай болып танылады.

Кезекті отырыстың өткізілу орны Кеңес мүшелерінің алдын алу келісімі бойынша анықталады.

Кеңестің кезектен тыс отырысы Келісімге кез келген қатысушының талабы бойынша өткізілуі мүмкін.

4.2. Егер кеңес шешімімен өзгеше белгіленбесе, кеңесте төрағалық ету ротация принципі негізінде Келісімге әрбір қатысушының өкілі атынан орыс алфавиті тәртібімен әдеттегідей бір жыл ішінде алма-кезек жүзеге асырылады.

**Ескерту. 4-2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.06.28 № 691 Қ а у л ы с ы м е н .**

4.3. Төраға Кеңестің жұмысын ұйымдастырады, Мемлекет басшылары кеңесінің, Үкімет басшылары кеңесінің және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының басқа да

органдарының отырыстарында, сондай-ақ Кеңестің қызметіне байланысты мәселелер бойынша Келісімге қатысушылардың алдында Кеңестің мүддесін білдіреді.

4.4. Кеңестің шешімі отырысқа қатысқан мүшелердің көп дауысымен қабылданады, Кеңестің кез келген мүшесі қандай да бір мәселе бойынша мүдделі еместігі туралы мәлімдей алады, бұл шешім қабылдауға кедергі ретінде қаралмауы тиіс. Кеңестің шешімімен келіспейтін Кеңес мүшелері отырыс хаттамасына енгізілетін өзінің ерекше пікірлерін білдіреді алады.

4.5. Кеңес отырысында оның шешімі бойынша Келісімге қатысушылардың мүдделі министрліктері мен ведомстволарының өкілдері, спорт ұйымдарының, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың өкілдері бақылаушылар ретінде қатыса алады.

**Ескерту. 4-5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.06.28 № 691 Қаулысымен .**

4.6. Кеңес қызметін ұйымдастырушылық-техникалық және ақпараттық қамтамасыз етуді оның Хатшылығы жүзеге асырады.

Кеңес хатшылығының функциялары ТМД Атқарушы комитетінің құрылымдық бөлімшесімен бірге, басшысы Кеңесте төрағалық ететін дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік билік органының аппаратына жүктеледі.

Кеңес Хатшылығының басшысын Кеңес төрағасы тағайындайды және Кеңесте төрағалық етуші дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік билік органының өкілі болып табылады. Кеңес Хатшылығы басшысының орынбасары ТМД Атқарушы комитетінің өкілі болып табылады.

**Ескерту. 4-6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.06.28 № 691 Қаулысымен .**

4.7. Кеңестің кезекті отырысына Хатшылық қажетті материалдарды дайындауды ұйымдастырады және отырысты өткізу күніне дейін кемінде екі аптадан кешіктірмей олармен Кеңес мүшелерін қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 4-7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.06.28 № 691 Қаулысымен.**

## **V. Қаржыландыру**

**Ескерту. Ереже V-бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.28 № 691 Қаулысымен.**

5.1. Кеңес отырыстарын өткізуге байланысты шығыстар ТМД-ға қатысушы қабылдаушы мемлекеттің тиісті мемлекеттік органдарының есебінен жүзеге асырылады .

5.2. Кеңес мүшелерін және отырысқа қатысушыларды іссапарға жіберу шығыстарын ТМД-ға қатысушы-мемлекеттердің жіберуші мемлекеттік органдары мен ұйымдары жүзеге асырады.



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК